


| | | |
|---|--|--|
|  | <p align="center">ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ</p> <p align="center">Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ</p> | |
| <p>3-деңгейдегі СМЖ құжаты</p> | <p align="center">2015 жылғы «___» _____ № 1 редакция</p> | <p align="center">МН 029.04.12-02.1.20.01-2015</p> |

6M051700 - «Инновациялық менеджмент»

МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

МН 029.04.12-02.1.20.01-2015

Алматы 2015

Алғы сөз

1 Экономика және бизнес институты «Жобаларды басқару» кафедрасында
ДАЙЫНДАЛҒАН

Жобаларды басқару кафедрасының
меңгерушісі _____ Г.Мұханова
« » _____ 2015ж.

2 КЕЛІСІЛГЕН

Оқу-әдістемелік жұмыс және
халықаралық байланыс жөніндегі
проректор _____ С. Жүсіпбеков
« » _____ 2015ж.

Академиялық мәселелер департаментінің
директоры _____ А.Сапаров
« » _____ 2015ж.

Экономика және бизнес институтының
директоры _____ С.Әбдіғаппарова
« » _____ 2015ж.

Ішкі аудит департаментінің директоры _____ Б.Каленова
« » _____ 2015ж.

СМЖ үйлестіру бөлімінің бастығы _____ А.Сауранбаева
« » _____ 2015ж.

Оқу әдістемелік бөлімінің бастығы _____ М.Сәндібеков
« » _____ 2015ж.

Заң және құжаттамалық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы _____ Б.Туткина
« » _____ 2015ж.

Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының
бастығы _____ Б.Мұнара
« » _____ 2015ж.

3 Университеттің ҒӨК мәжілісінде **БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

| | | |
|----|---|----|
| 1 | Экономика және бизнес институты туралы жалпы мағлұматтар | 3 |
| 2 | 6M051700 «Инновациялық менеджмент» мамандығы туралы жалпы ақпарат | 6 |
| 3 | 6M051700 «Инновациялық менеджмент» мамандығының мақсаттары мен міндеттері | 8 |
| 4 | Білім беру технологиялары | 8 |
| 5 | Зерттеу тәжірибесі | 9 |
| 6 | Магистранттың ғылыми - зерттеу жұмысы | 10 |
| 7 | Педагогикалық тәжірибе | 11 |
| 8 | Магистранттың бітіру жұмысына қойылатын талаптар | 11 |
| 9 | 6M051700 «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша мамандарды даярлау нәтижелері | 12 |
| 10 | Мамандықтың ПОӘК | 13 |
| 11 | 6M051700 «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша оқу - әдістемелік қамтамасыз ету | 16 |
| | А қосымшасы | 17 |
| | Өзгерістерді тіркеу парағы | 21 |

1. Экономика және бизнес институты туралы жалпы мағлұматтар

Экономика және бизнес институтының тарихы шамамен 50 жылды қамтиды. Оның құрлуына мынадан оқиғалар себеп болды.

Өткен ғасырдың 60 – шы жылдары қарқынды дамып отырған Қазақстан экономикасына инженерлі экономикалық бағыттағы жоғары білікті мамандар қажет бола бастады. Осыған байланысты 1964 жылы тау-кен және металлургия факультеттерінде алғаш рет тау кен өнеркәсібінің инженер экономисі және металлургия өнеркәсібінің инженер–экономисі мамандықтарына студенттер қабылданды. Барлығы 50 адам қабылданды.

1966 жылы ректор Г.М. Есіркегеновтің атсалысуымен ҚазПТИ негізінде республикамыздың халық шаруашылығына қажетті инженер– экономистерді дайындау мақсатында Инженерлік – экономикалық факультет (ИЭФ) құрылды.

1972 жылдан бастап ИЭФ, құрылыс пен өнеркәсіптік өндіріс саласының ұйымдастырушыларын дайындайтын факультет болып қайта құрылды. Аталған факультет өзінің қызмет етуі кезінде бүкіл КСРО - бойынша 4500-ден астам құрылыс пен өнеркәсіп саласының басшылары мен мамандарын дайындады.

Қазақстан егемендігін алғаннан кейін, факультетте нарыққа өту тенденциялары көріне бастады. Құрылыс пен өнеркәсіптік өндіріс саласының ұйымдастырушыларын дайындайтын факультет негізінде 1991 жылы «Менеджмент және бизнес» факультеті құрылып, 1993 жылы ол «Экономика және басқару» факультеті болып аты өзгертілді.

Университеттегі қайта құрулар нәтижесінде 2000 жылы факультет «Инженерлік – экономикалық» институт болып қайта құрылды.

ҚР үшін «Тұрақты даму» тұжырымдамасын принциптерін енгізу маңыздылығын ескере отырып, Қ.И.Сәтбаев атындағы КазҰТУ 2002 жылы 8 желтоқсанда «Инженерлік–экономикалық» институты негізінде «Экологиялық – экономикалық» институт құрды. Бұл институт 2006 жылы қайта құрулар нәтижесінде екі институтқа бөлінді. Сол институттың біреуі – «Экономика және бизнес» институты болды.

Бүгінгі күні «Экономика және бизнес» институты - Қ.И.Сәтбаев атындағы КазҰТЗУ жетекші оқу және ғылыми бөлімшесі.

Институттың міндеті – экономика саласында заманауи білімі және практикалық дағдылары бар, күрделі басқарушылық мәселелерді шеше алатын, нарықтық экономика заңдылықтарын және қазіргі заманғы технологиялар мен компьютерлік техниканы игерген, Қазақстанның жаңа буынды басшылары бола алатын мамандарды даярлау болып табылады.

Экономикалық бағыттағы мамандарды даярлаудың маңыздылығы – ҚР үдемелі индустриалды–инновациялық даму тұсында, әлеуметтік экономикалық дамудың нақты жағдайында өндірісті ұйымдастырудың формалары мен оларды қолдану әдістерінің өзара байланысын қамтамасыз етудің қажеттілігімен түсіндіріледі. Осы жағдайда экономика саласындағы білімдерді кәсіби игеру және олардың ұдайы өндірістегі және үлестіру сапасындағы ролін түсіну, экономикалық бағыттағы мамандарды дайындаудың негізгі шарты болып табылады.

Институттың құрамында 5 кафедра бар: «Өнеркәсіп экономикасы», «Өнеркәсіптегі менеджмент және маркетинг», «Логистика және бағалау», «Қаржы», «Жобаларды басқару». Сонымен бірге, «Бизнес мектебі» және «Экономикалық зерттеулер орталығы» жұмыс істейді.

Институттың құрылымдық бөлімшелерінде 96 оқытушы қызмет етеді, соның ішінде – ҚР Ұлттық ғылым академиясының 2 академигі, салалық ғылымдардың 5

| | | | | | |
|------|------------|------|-----------|------|------------|
| Қолы | Өзірленді: | Қолы | Келісілді | Қолы | Бекітілді: |
|------|------------|------|-----------|------|------------|

академигі, 16 ғылым докторы мен профессорлар, 50 ғылым кандидаты мен доценттер, 4 PhD докторы. Қосымша жұмыс істеу шарты бойынша үздік ғалымдар мен тәжірибелі мамандар қызмет атқарады.

Институт ғалымдары экономиканың әр түрлі салаларында ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізеді; заңнамалық, нормативтік – техникалық және әдістемелік актілер мен құжаттарды дайындауға қатысады және экономика, басқару, маркетинг, қаржыландыру, индустриаландыру мен инновациялық даму сияқты мәселелер бойынша түрлі мемлекеттік органдарға, үлкен өнеркәсіптік кәсіпорындарға және бизнес – құрылымдарға ғылыми кеңес береді.

Институтта оқыту үш деңгейлі жүйе бойынша жүргізіледі: бакалавриат-магистратура–докторантура (PhD). Бакалавриат бағдарламаларына дайындау келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

5B050600 – Экономика

5B050700 – Менеджмент

5B050800 – Есеп және аудит

5B050900 – Қаржы

5B051100 - Маркетинг

5B090800 – Бағалау

5B051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару

5B090900 – Логистика

Жоғарыда аталған экономикалық мамандықтар бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алған тұлғалар, басқару жүйесінің орталық буынды басшыларына қажет білікті жұмыс үшін қажетті білімдер мен тәжірибелік дағдыларды иемденеді.

«Экономика және бизнес» институтында Америка білім беру консорциумы мен Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ арасындағы Бас келісім – шарт негізінде мамандар даярланады. Оқуды аяқтаған соң бітірушілер «Экономика» (мұнай және газ саласы) және «Менеджмент» (мұнай және газ саласы) бойынша мемлекеттік үлгідегі Қазақстан Республикасының және Солтүстік Вирджиния Америка Университетінің дипломдарын алады.

Институтта – 6M050600 – Экономика, 6M050700 – Менеджмент, 6M050900 – Қаржы, 6M051100 – Маркетинг, 6M090800 – Бағалау, 6M051800- Жобаларды басқару, 6M090900 – Логистика (салалар бойынша), 6M051700 – Инновациялық менеджмент, 6M052000 – Іскерлік әкімдендіру.

«Экономика» мамандығының докторантурасы (PhD) бойынша Кипрдегі Америка университетімен бірлескен халықаралық бағдарламасы жұмыс істейді.

Магистратура мамандықтарын бітірген тұлғалар мекемелердің жоғары буынды басшылық қызметінде немесе жоғары оқу орындарында жұмыс істеу құқығына ие болады. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Экономика және бизнес» институтында жоғарғы халықаралық деңгейдегі білім алуға барлық жағдай жасалынған. Институт кафедраларының материалдық – техникалық базасы жақсы дамыған және оқу пәндерінің каталогында бакалавриаттың 8 мамандығы және магистратураның 9 мамандығы бойынша міндетті және таңдау пәндері қамтылған. Каталогта көрсетілген пәндердің сипаттамасы студентке экономикалық бағыт бойынша өз траекториясын таңдауға мүмкіндік береді.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Жобаларды басқару» кафедрасы мен ҚР жобалық менеджерлер Одағының ат салысуымен ашылған ерекше 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистр мамандары даярланды.

«Жобаларды басқару» кафедрасы 2014 жылы «Технологиялық үдерістерді компьютерлендіру және жобаларды басқару» кафедрасының негізінде ашылды. «Технологиялық үдерістерді компьютерлендіру және жобаларды басқару»

кафедрасы 1994 жылы ҚазҰТЗУ тау– кен факультетінде т.ғ.д., профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі А.Ф. Цеховойдың ат салысуымен құрылған.

Қазақстанда алғаш рет 2008 жылдан бастап «Технологиялық үдерістерді компьютерлендіру және жобаларды басқару» кафедрасының оқытушылары «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистр мамандарын оқыта бастады.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ 2010 жылы оқу мерзімі 1,5 және 2 жылдық «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистрлер дайындау үшін 03.02.2010 ж. № 0137395 АБ лицензиясын алды.

Магистратураның мақсаты – мемлекеттік және жеке меншік сектордағы жобаларды тиімді басқара алатын элиталық басқару кадрларын дайындау.

Магистр дипломы білім берудің еуропалық стандарты мен шетелдік жұмыс берушілердің талаптарына сай келеді және бітірушілерге жобаларды басқару бойынша батыс мектептерінде оқуын жалғастыруына мүмкіндік береді.

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 1,5 жылдық магистратураны бітірген тұлғаға экономика және бизнес магистр академиялық атағы берілсе, 2 жылдық магистратураны бітірген тұлғаға экономика ғылымдарының магистр атағы беріледі (жоғары оқу орындарында жұмыс істеу құқығына ие болады).

Кафедрада 2010 жылы РҚ ФБМ Бұйрығының негізінде 6D051800- «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша PhD докторантурасы ашылды. Кафедра оқытушылары магистратура және докторантура бойынша білім берудің мемлекеттік стандартын (ҚР ББМС 7.10.034 - 2009), типтік оқу жоспарларын, жұмыс оқу бағдарламаларын, силлабустарды әзірледі.

Кафедраның барлық оқытушылары жобаларды басқару бойынша негізгі курстан өтті және жобалық менеджментке қатысты әр түрлі семинарлар мен симпозиумдарға қатысып, мақалалар жариялады. Жүргізіліп отырған ғылыми–зерттеу жұмыстардың негізгі бағыттары – кәсіпорындардағы өндірісті жобалау, жоспарлау және басқарудың автоматтандырылған ақпараттық технологиясын әзірлеу; интеграцияланған мәліметтер базасының, эксперттік жүйелердің және мониторинг жүргізудің ақпараттық технологиясын дайындау және "Нақты жағдайлардағы жобалар арқылы ұйымның дамуын басқарудың инновациялық технологиясын дайындау және оны тәжірибелік тексеру бойынша теориялық және қолданбалы зерттеулер кешені" бағдарламасын құру.

Қазіргі кезде кафедрада «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 30 магистрант және 13 докторант оқиды.

6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша оқу мерзімі 1,5 жылдық магистратураны бітірушілерге **экономика және бизнес магистрі** академиялық дәрежесі беріледі, ал оқу мерзімі 2 жылдық магистратураны бітірушілерге **экономика ғылымдарының магистрі** (ЖОО-нда сабақ беру құқығымен) атағы беріледі.

6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығын шығарушы кафедра «Жобаларды басқару» кафедрасы болып табылады. Кафедра құрамы екі техника ғылымдарының докторлары, бір экономика ғылымдарының докторы, бір геология-минералогия ғылымдарының докторы; алты доценттен: олардың ішінде үшеуі техника ғылымдарының кандидаттары, екеуі экономика ғылымдарының кандидаттары және философия ғылымдарының кандидатынан тұрады. Кафедраның дәрежеленуі 01.09.2015 жылға 84%-ды құрайды.

Қазіргі таңда кафедрада 6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша 8 магистрант білім алып жатыр.

| | | | | | |
|------|------------|------|-----------|------|------------|
| Қолы | Өзірленді: | Қолы | Келісілді | Қолы | Бекітілді: |
|------|------------|------|-----------|------|------------|

2 6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы туралы жалпы ақпарат

Мамандыққа сипаттама

6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша экономика ғылымдарының (ғылыми-педагогикалық) магистрлерін және экономика және бизнес (бейіндік) магистрлерін дайындау, 2012 жылы бекітілген (23.08.12ж. №1080 бұйрық) мамандықтың типтік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Магистратурада 6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша мамандарды дайындау келесі бағыттар бойынша орындалады:

бейіндік;

ғылыми және педагогикалық.

Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген және магистрлік диссертацияны қорғаған тұлғаларға 6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша «магистр» академиялық дәрежесі беріледі.

бейіндік даярлау кезіндегі кәсіби қызметтің объектілері:

- мемлекеттік және жергілікті басқару органдары, инновациялық инфрақұрылым объектілері мен субъектілері;

- кез келген меншік және ведомстволық тиесілік формасындағы кәсіпорындар мен ұйымдар;

- инновациялық даму бағдарламалары мен жобалар, жаңа туындыларға өндірістік-шаруашылық жүйелерінің және әлеуметтік сфера объектілерінің бейімделуі;

- жаңа өнімдерді, қызметтерді, технологияларды, ресурстар түрлерін, өндірісті және басқаруды ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, жаңа нарықтар мен аталған жаңалықтардың мүмкін үйлесулерін құру мен пайдаланудың жобалары мен үдерістері;

- инновацияларды коммерциаландыру жобалары мен үдерістері;

ғылыми және педагогикалық даярлау кезінде:

- оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдары;

- ғылым және білім алу салаларын реформалаудың, экономик және бизнес салаларын инновациялық дамытудың халықаралық және мемлекеттік бағдарламалары;

- зерттеу, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жобалары мен бағдарламалары;

- халықаралық, мемлекеттік, аймақтық, салалық, салааралық және бірлескен басқару деңгейлері бойынша жүзеге асырылатын инновациялық жобалар мен бағдарламалар.

Кәсіби қызметтің түрлері:

6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығының магистратура бітірушілері келесідей кәсіби қызметтің түрлерін орындай алады:

бейіндік даярлау кезінде:

- ақпараттық-аналитикалық;

- сараптама-диагностикалық;

- ұйымдастыру-басқарушылық;

- маркетингтік;

- консулсытациялық-әдісетемелік;

- үйлестіру-интеграциялық;

- жобалық;

- инвестиция-қаржылық;

ғылыми және педагогикалық даярлау кезінде:

- зерттеу;
- білім беру;
- ақпараттық-аналитикалық;
- сараптама-диагностикалық;
- ұйымдастыру-басқарушылық;
- маркетингтік;
- консультациялық-әдісетемелік;
- үйлестіру-интеграциялық;

Оқу мерзімі

Магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік ұзақтығы

ғылыми және педагогикалық даярлау кезінде 2 жыл;

бейіндік даярлау кезінде 1 жыл.

Магистратурадағы білім беру үдерісінің аяқталуының негізгі белгісі магистранттың төмендегілерді меңгеруі болып табылады

ғылыми және педагогикалық даярлау кезінде – 59 кредиттен аз болмауы;

бейіндік даярлау кезінде – бір жылдық оқу мерзімінде 48 кредиттен аз болмауы тиіс.

3 6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығының мақсаттары мен міндеттері

6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша білім берудің негізгі мақсаты жобалық басқару саласында өзінің кәсіби білімін, дағдылары мен қабілетін мемлекеттік және жеке меншік басқаруда, қоғамдық және ғылыми-зерттеу ұйымдарында жүзеге асыра алатын, жан жақты білімді және интеллектуалды дамыған магистрлерді даярлау болып табылады.

6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша магистрлік бағдарламаның негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

бейіндік даярлау кезінде:

- кең іргелі білімі бар, бастамашы, еңбек нарығының және заманауи технологиялардың өзгермелі талаптарына тез бейімделе алатын, жеке әрі топта да жұмыс істей алатын заманауи көзқарасы бар мамандарды даярлау;

- магистранттарды теориялық және тәжірибелік индивидуалды даярлауды тереңдету, білім алушылар үшін толыққанды және сапалы бейіндік білім беруге жағдай жасау, олардың кәсіби құзыреттілікке жетулері;

- инновациялық менеджменттің заманауи бағыттары бойынша магистранттарға білім берудің индивидуалды жолын таңдауға мүмкіндіктер жасау;

- оқу үдерісін оңтайлы және икемді жоспарлауға жағдай жасау, білім беру мазмұнының, аудиториялық және өз бетімен жұмыс жасаудың оңтайлы қатынасының пәнаралық эквиваленттерін орнату;

- білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін, олардың бүкіл белсенді тіршілік әрекеті бойы жаңа білімдерді өз бетімен шығармашылық меңгеру қажеттіліктері мен дағдыларын жасау;

ғылыми және педагогикалық даярлау кезінде

- кәсіби мәдениетінің, сонымен қатар азаматтық ұстанымы бар кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің деңгейі жоғары, инновациялық дамудың заманауи ғылыми және тәжірибелік мәселелерін тұжырымдап және шеше алатын,

| | | | | | |
|------|------------|------|-----------|------|------------|
| Қолы | Өзірленді: | Қолы | Келісілді | Қолы | Бекітілді: |
|------|------------|------|-----------|------|------------|

педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін табысты жүзеге асыра алатын мамандарды даярлау;

- магистранттардың интеллектуалды және инновациялық дамудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін біршама маңызды және орнықты білімдерді меңгеру, ойлау мәдениетінің адамгершілік, этикалық және құқықтық нормаларын игеру, шығармашылық әлеуеті, бастамашылдығы және жаңалық табушылығының дамуы;

- магистранттардың олардың кәсіби икемділіктеріне кепілдік беретін ғылымдар торабындағы іргелі бағыттарды меңгеруі;

- білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларына ие болуы, PhD докторантураға ғылыми даярлауды жалғастыруға мүмкіндік беретін әр түрлі деңгейлердегі ғылыми-зерттеу шараларына қатысуы;

- бітірушілердің ЖОО-ғы педагогика мен психология салаларында қажетті білім деңгейіне және ЖОО-да сабақ беру тәжірибесіне ие болуы.

8 Магистранттардың ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптар:

Ғылыми-зерттеу жұмысы ғылыми және педагогикалық магистратурада келесідей болуы қажет:

- қорғалатын магистрлік диссертация мамандықтың басты мәселесіне сәйкес болуы қажет;

- өзекті болуы қажет, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы болуы қажет;

- ғылым мен тәжірибенің заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі қажет;

- ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін пайдаланумен орындалуы қажет;

- негізгі қорғалатын ережеге сәйкес ғылыми-зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) бөлімдерден тұруы қажет;

- инновациялық сферада алдыңғы халықаралық тәжірибелерге негізделуі қажет.

Тәжірибелік-зерттеу жұмысы бейіндік магистратурада келесідей болуы қажет:

- қорғалатын магистрлік диссертация мамандықтың басты мәселесіне сәйкес болуы қажет;

- ғылым, техника мен өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделуі қажет, инновациялық дамудың міндеттерінің нақты тәжірибелік ұсынымдары мен өздігінше шешу жолдарынан тұруы қажет;

- алдыңғы ақпараттық технологияларды қолданумен орындалуы қажет;

- негізгі қорғалатын ережеге сәйкес тәжірибелік-зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) бөлімдерден тұруы қажет;

Ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижесі әрбір академиялық кезеңнің соңында магистранттың есептемесі түрінде ресімделеді.

Магистранттың ғылыми-зерттеу/тәжірибелік-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі магистрлік диссертация болып табылады, оны дайындауға: бейіндік бағыт бойынша (1 жыл оқу мерзімі), ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша (2 жыл оқу мерзімі) 4 кредит беріледі.

Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері екі жарияланымнан кем болмауы қажет.

| | | | | | |
|------|------------|------|-----------|------|------------|
| Қолы | Өзірленді: | Қолы | Келісілді | Қолы | Бекітілді: |
|------|------------|------|-----------|------|------------|

Диссертацияның мазмұны мен оны ресімдеу талаптары, оларды дайындау мен қорғау білім беру саласында уәкілетті органның нормативті құқықтық актілерімен анықталады.

10 6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығының білім алу нәтижелері

6M051700 – «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша магистрлердің басты құзыретіне қойылатын талаптар:

Бейіндік даярлау кезінде:

инновациялық менеджмент пен инновация маркетингінің мәні мен міндеттері; олардың қалыптасуы мен дамуының негізгі үрдістері; инновациялық қызметтің шетелдік тәжірибесі; Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық жағдайы мен келешегі; ұйымның инновациялық қызметін басқарудың ерекшеліктері туралы **түсінігінің болуы қажет**;

Білу: ғылымдар тарихы мен философияны; менеджмент пен психологияның негіздерін; жаңалық енгізу технологиясын; инновациялық қызметтің құқықтық, экономикалық және қаржылық негіздерін; жасалынып жатқан жаңалықтарды коммерциализациялау механизмдерін; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың формалары мен әдістерін;

істей алу қажет: жаңа технологиялар, өнімдер мен қызметтердің нарықтарына талдау, ұйымның инновациялық даму міндеттерін шешу; олардың инновациялық даму жоспарларын құрастыру және жүзеге асыру; технологиялар, өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттіліктерін арттырудың біршама перспективалық бағыттарын таңдау; біршама тиімді инновациялық шешімдерді негіздеу және оларды жүзеге асыру үдерістерін басқара алу;

ұйымның инновациялық даму міндеттерін орнату және шешу; стратегиялық және шұғыл маркетингтік зерттеулерді орындау; технологиялар, өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттіліктерін арттырудың перспективалық бағыттарын талдау және таңдау; психологиялық кеңес беру; басқа тілде жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасау; тапсырыс берушілер, инвесторлар мен инновациялық жобаларды атқарушылармен іскерлік келіссөздер жүргізу **дағдыларына ие болу қажет**;

тәжірибеде инновациялық қызметті жүзеге асыру сұрақтарына; ұйымдарда инновациялық жобалар мен бағдарламаларды құру және басқарудың тәсілдеріне **білікті болу қажет**.

ғылыми және педагогикалық даярлауда:

Қазақстан Республикасының ғылым және білім берудің, ғылыми зерттеу әдістерінің заманауи мәселелері туралы; ғылыми-техникалық үрдіс, әлемдік және ұлттық экономиканың инновациялық дамуының теориялық және қолданбалы аспектілері туралы; инновациялық сфераның шетелдік тәжірибеде қалыптасуы мен дамуы туралы; ұлттық инновациялық жүйелер жөнінде; Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық жағдайы мен келешегі туралы; жаңа білім беру технологиялары жөнінде **түсінігінің болуы қажет**;

білу: ғылымдар тарихы мен философияны; менеджмент, педагогика және психология негіздерін; педагогика ғылымдарының жүйесін; педагогиканың басқа ғылымдармен байланысын; білім берудің заманауи парадигмасын және жоғары мектепте қолданылатын заманауи білім беру технологияларын; білім беру менеджментінің, стратегиялық инновациялық менеджменттің және инновация маркетингінің мәні мен міндеттерін; жаңалық енгізудің қағидаларын, әдістері мен технологияларын; инновациялық қызметтің құқықтық негіздерін; жаңалық енгізудің

| | | | | | |
|------|------------|------|-----------|------|------------|
| Қолы | Өзірленді: | Қолы | Келісілді | Қолы | Бекітілді: |
|------|------------|------|-----------|------|------------|

инфрақұрылымын; инновация экономикасын; инновациялық қызметті қаржыландырудың формалары мен әдістерін; жасалынып жатқан жаңалықтарды коммерциализациялау механизмдерін; инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың формалары мен әдістерін;

істей алу қажет: оқытушылық қызметті жүргізу; сабақтардың оқу жоспарларын құрастыру және орындау; оқыту-әдістемелік материалдарды дайындау; студенттердің жұмыстарын бақылау; инновациялық және білім беру менеджменті саласында ғылыми зерттеулер мен талдама жасау; жаңа технологиялар, өнімдер мен қызметтердің нарықтарын талдау; ұйымның инновациялық даму міндеттерін шешу;

жоғары мектепте сабақ беру; оқыту-әдістемелік материалдарды құрастыру; ғылыми-зерттеу жұмыстарын орнату, жоспарлау және орындау; студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру; олардың білімдерін бақылау; тәрбие жұмыстары, психологиялық кеңес беру; ұйымның инновациялық даму бағдарламалары мен жоспарларын дайындау және жүзеге асыру, ең жақсы инновациялық жобалар мен шешімдерді негіздеу мен таңдау **дағдыларын ие болу қажет;**

педагогика, психология, жалпы және білім беру менеджменті, инновациялық менеджмент теориясы мен тәжірибесі, Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму бағдарламалары мен жоспарлары салаларында; инновациялық жобалар мен бағдарламаларды құру және басқару тәсілдеріне; инновациялық шешімдерді бағалау, негіздеу және қабылдау әдістеріне **білікті болу қажет.**

| | Наименование дисциплины | Кол-во кредитов | Рус. яз | Каз.яз | Ф.И.О. автора |
|--------------------------------|--------------------------------------|-----------------|---------|--------|---------------------|
| Курс 1. Семестр: Күзгі | | | | | |
| | Ғылым тарихы мен философиясы | 2 | | | секция оқытушылары |
| | Шет тілі | 2 | | | |
| | Педагогика | 2 | | | |
| | Психология | 2 | | | |
| | Менеджмент теориясы ж/е практикасы | 3 | | | Лисенков А.А. |
| | Инновациялық менеджмент | 3 | | | Лисенков А.А. |
| | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | 1 | | | Кафедра оқытушылары |
| Курс 1. Семестр: Көктем | | | | | |
| | Қызметкерлерді басқару | 3 | | | Тымбаева Ж.М. |
| | Интеллектуальді меншікті басқару | 3 | | | Тымбаева Ж.Ж. |
| 10 | Стратегиялық инновациялық менеджмент | 2 | | | Касен К.Р. |
| 1 | Жобалық менеджмент | 3 | | | Тымбаева Ж.М. |
| 2 | Сапаны басқару | 2 | | | Адилова А.М. |

| | | | | | |
|------|------------|------|-----------|------|------------|
| Қолы | Өзірленді: | Қолы | Келісілді | Қолы | Бекітілді: |
|------|------------|------|-----------|------|------------|

| | | | | |
|--------------------------------|--|---|--|---------------------|
| 3 | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | 1 | | Кафедра оқытушылары |
| 4 | Зерттеу практикасы | 3 | | Кафедра оқытушылары |
| 2. Курс семестр: Күзгі | | | | |
| 5 | Инвестициялық менеджмент | 3 | | Касен К.Р. |
| 6 | Өндірістік менеджмент | 3 | | Касен К.Р. |
| 7 | Брендинг | 3 | | Тымбаева Ж.М. |
| 8 | Әлеуметтік менеджмент | 3 | | Тымбаева Ж.М. |
| 9 | Маркетингті басқару | 3 | | Адилова А.М. |
| 10 | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | 1 | | Кафедра оқытушылары |
| 1 | Педагогикалық практика | 3 | | Кафедра оқытушылары |
| 2. Курс Семестр: Көктем | | | | |
| 2 | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | 4 | | Кафедра оқытушылары |
| 3 | Кешінді емтихан | 1 | | Кафедра оқытушылары |
| 4 | Магистерлік диссертацияны ресімдеу және қорғау | 3 | | Кафедра оқытушылары |

ӨЗГЕРІСТЕР ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| Өзгертулердің реттік саны | Құжаттың тарауы мен бөлімі | Өзгертулер түрі (ауыстыру, қосу, жою) | Хабарлау күні мен саны | Өзгерістер енгізілді | |
|---------------------------|----------------------------|---------------------------------------|------------------------|----------------------|-------------------------|
| | | | | Күні | Аты-жөні, қызметі, қолы |
| | | | | | |

Өзірленді:
ҚолыКелісілді
ҚолыБекітілді:
Қолы

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|